



Бекітілді
№10 «Кұлыншак» бөбекжай- бақшасы
менгерушісі Р.Ұ.Бағытова
№1 педагогикалық кеңесте
04.09.2020жыл

**Мектепалды даярлық «Қошақаным» тобының 2020-2021 оқу жылына
арналған жылдық перспективалық жоспары**

Өтпелі тақырып: «Балабақша және отбасы»

Қыркүйек айы, 2020 жыл

Мақсаты: Балалардың білім ордасы, отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін, отбасы мүшелерін ажырата білуге, жақсы көруге, сыйлауға үйрету.

Міндеті: Отбасы мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты, отбасындағы туыстық қарым-қатынас туралы білімдерін дамыту. Алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауат ашу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Балабақша. Білім күні	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің балабақшам» Мақсаты: Балаларға отбасы туралы әңгімелеу. Білім күні туралы түсінік беру. Салауатты өмір салтын ұстауды, дене сапаларын дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен қолға алма не алмұрт ұстап, тепе-теңдікті ұстап жүру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы : «Міне, менің тобым осындай!» Мақсаты: Балаларға барлық адамдардың балабақшадан мектептен білім алатындары туралы айту. Затты желке тұсынан оң және сол қолдарымен допты алысқа лақтыру. Заттардың арасымен еңбектеу. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақшаға барар жолда» Мақсаты: Балаларға балабақшаға , мектепке бара жатқан қуанышты сәттерін әңгімелеу. Денсаулықты нығайтуды шынығу және оның маңызын қалыптастыру. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіру. Заттардың арасымен еңбектеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балабақшадағы алғашқы күн» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін айту, күз айындағы мереке «1 Қыркүйек –Білім күні» екенін айтып, білім алу мақсатында алғаш мектеп, балабақша табалдырығын аттаған балаларды құттықтау. Саяхат жасау арқылы балалардың білімге деген құштарлықтарын арттырып, қиялдарын дамыту. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Менің балабақшам» әңгіме құрастыру Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін айту, күз айындағы мереке «1 Қыркүйек – Білім күні» екенін айтып, білім алу мақсатында алғаш мектеп, балабақша табалдырығын аттаған балаларды құттықтау. Балалардың білімге деген құштарлықтарын арттырып, қиялдарын дамыту. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Балабақша базарым» Мақсаты: Сұрақтарға жауап беруді және әңгіме құрастыруды, балабақшада балаларды өзара сыйластық, достық қарым – қатынасқа үйрету. Ойын, оқу ызыметтері туралы түсініктерін қалыптастыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Білім бұлағың» (өлеңмен танысу) Авторы: Ақылбек Шаяхметов Мақсаты: Балабақшаға мектепке бара жатқан балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білім - сұлағың» өлеңін оқып, сөз мағыналарын түсіндіру. Барлық адамдардың, ақын да, ғалым да – бәрі мектептен, балабақшадан білім алатыны туралы айтып беру. Өлең арқылы ақылды, білімді болып өсуге тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Мой любимый детский сад» Цел: Учить детей называть работников детского сада на русском языке, вызвать желание больше узнать о них. Воспитывать уважение к работникам детского сада	Математика негіздері Тақырыбы: «Математика еліне». Мақсаты: а) балаларды заттар тобының (жиынның) ортақ белгілерін тауып, заттарды белгілі бір қасиетіне қарай «үлкен», «кіші» деген топтарға біріктіре алуға үйрету; бір жеке затты тауып көрсету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру; «бір» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу; ә) дәптерде берілген тапсырмалармен жұмыс істеу қабілетін арттыру; б) үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақ: "Балабақша және мектеп" Мақсаты: Балаларға балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін мектеп екендігін түсіндіру және балабақшада жұмыс істейтін мамандық иелерінің жұмыстарымен таныстыру, сурет бойынша әңгімелеу арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін анықтау.	Сурет салу Тақырыбы: «Менің балабақшам» Мақсаты: Балаларға балабақша туралы түсінік бере отырып, бірнеше қатардан тұратын үйлердің суретін салуға және бояуға үйрету. Жапсыру Тақ: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Балаларды өздерінің сүйікті ойыншықтарының аттарын атай отырып сипаттауға және оларға ұқыпты қарай білуге баулу; киюдың түрлі тәсілдерін меңгерту; таңдау жасай білуге, ұқыпты жасай білуге үйрету; Мүсіндеу Тақырыбы: «Түрлі-түсті шарлар» Мақсаты: «1Қыркүйек Білім күні", күз мезгілінің ерекшеліктері, туралы түсінік беру, мерекелік көңіл күй сыйлау, сөздік қорларын дамыту. Түрлі-түсті ермексаздан пішіндерін келтіре отырып, түрлі шарлар жасауға жаттықтыру. Балаларды еңбекқорлыққа, таза жұмыс жасауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақ: «Балабақшаға барамыз» (А. Досмағамбет) Мақсаты: Білім күні туралы түсінік беріп, музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру. 2.Музыка Тақ: «Балабақшаға барамыз» (А. Досмағамбет) Мақсаты: Әнді қайталаып, бірдей орындауға дағдыландыру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Балабақша үйіміз» Мақсаты: Балаларға балабақша мектепке дейін тәрбиелейтін мекеме екендігін түсіндіру. Сурет бойынша әңгімелеу арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өз балабақшасын құрметтеуге баулу. Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Өзін-өзі тану әлеміне саяхат» Мақсаты: «Өзін- өзі тану» пәні туралы алғашқы түсінік беру. Өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру, өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу.

II апта	Отбасы және құндылықтары	1. Дене шынықтыру Тақырыбы : «Әкем, шешем және мен» Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсініктерін молайту. Балалардың дене тәрбиесіне қызығушылығын дамыту, қозғалыс біліктіліктерін және дағдыларын қолдануға ынталандыру. Бір-біріне доп лақтыру, шығыршықтан шығыршыққа қос аяқпен секіру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз тату отбасымыз» Мақсаты:Балалардың заттық әлем туралы түсініктерін дамыту. Негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру мақсатында қол жеткізуге бағытталған. Тізенің арасына доп қыстырып, секіру. Бір-біріне доп лақтыру. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Менің күн тәртібім» Мақсаты: Балаларға отбасы, отбасы құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру. Отбасында күнделікті күн тәртібін сақтауды дағдыландыру. Күн тәртібін сақтаудың денсаулыққа пайдасын айту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің атам» Мақсаты: Балаларды өз отбасы туралы әңгіме құрастыра айтуды, сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Сөздік қорларын дамытып, отбасына деген мейірім сезімдеріне, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. «Менің жанұям» Е.Өтетілеуовтың өлеңін мнемокесте әдісі арқылы жаттату. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Менің отбасым» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды өз отбасы туралы әңгіме құрастыра айтуды, сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Сөздік қорларын дамытып, отбасына деген мейірім сезімдеріне, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Сауат ашу негіздері Тақ: «Ауылда. Отбасының күзгі еңбегі» Мақсаты: Ауыл туралы және ауылдағы адамдардың тіршілігі туралы түсінік беру. Ауыл мен қаладағы айырмашылықтарды түсіндіру. Күзгі өнімдерді жинаудағы отбасының еңбегі туралы әңгімелеу. Көркем әдебиет Тақ:«Әкесі мен балалары» (әңгімелеу) Л.Толстой Мақсаты: Отбасы туралы, өзі отбасында тұлға екені және отбасын мүшелерінің өз орны ерекше екені туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу. Көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру. Татулыққа, достыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема «Моя дружная семья» Цель: Закрепить приобретенные знания о семье, о том, что в семье все заботятся и любят друг друга, умение правильно называть членов своей семьи на русском языке. Развивать лексико-грамматический строй речи, связную речь, активизировать словарь.	Математика негіздері Тақырыбы: «Біз тату-тәтті отбасы» Мақсаты: Кеңістік қатынастарын анықтауға (жоғары-төмен, сол жақта-оң жақта, үстінде-астында, ортасында, арасында) үйрету; қағаз бетінде бағдарлау қабілетін қалыптастыру; есте сақтау қабілетін дамыту; Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы және оның мүшелері туралы әңгімелеу, отбасы мүшелерін атай білуге және олармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету, балаларды ұйымшылдыққа және үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Менің үйім» Мақсаты: құрылыс материалдарынан өз үйін құрастыру, ойлануға, өздігінен шығармашылықпен әрекет етуге баулу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру, балаларды өз үй-іші, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу;	Сурет салу Тақ: «Мен осы үйде тұрамын» Мақсаты: Тұрғын жайлардың құрылымын бере отырып, параллель тік және көлденең сызықтар сызуды үйрету. Көзбен шамалауды және қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. шыдымдылыққа тәрбиелеу. (акварель бояуымен) Жапсыру Тақырыбы: «Біздің үй» Мақсаты: Балаларға үйдің түрлі болатынын, үшбұрыш пен шаршыдан қарапайым жапсыру әдісін үйрету. Үйлердің түрлерін салыстырып, олардың айырмашылықтарын ажырата білуге баулу. Шатырдың пішінін (трапеция, үшбұрыш) туралы түсініктерін бекіту. Бейнелерді ақ қағаз бетіне орналастырып, әр заттың орнын тауып жапсыруға үйрету. Жасалған еңбегін қосымша бейнелермен толықтыра білу ептілігін, қайшы мен желіммен жұмыстана білуде ұқыптылығы мен жинақылығын дамыту. Мүсіндеу Тақ:«Дастархан жаямыз» (ұжым/ж) Мақсаты: Пішіні мен мөлшері жағынан әр түрлі ыдыс аяқтарды (кесе, пиала, ұсақ тәрелке) мүсіндеуді үйрету. Қолдың қимыл - қозғалысын, мүсіндеудің таныс амалдарын қолдануды дамыту. Ермексаздың қажет түстерін іріктеу, мөлшерін бірдей қылып екі немесе үш бөлікке бөлу іскерліктерін дағдыландыру. 1.Музыка Тақ: «Ата-анаға көз қуаныш» (А. Айтуова) Мақсаты: Отбасы туралы түсіндіріп, ата-ана қамқорлығын әнмен жеткізе білуге үйрету. 2.Музыка Тақ: «Ата-анаға көз қуаныш» (А. Айтуова) Мақсаты: Әнді қайталатып, музыкалық шығармалар сипатын анықтауды жалғастыру.	Өзін-өзі тану Тақ: «Адам болам десеніз...» Мақсаты: Балаларға «адамгершілік», «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру. Адамгершілік туралы түсініктерін кеңейту. Бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету. Жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

III апта	Мен адаммын	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көңілді балалар» Мақсаты: Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге баулу . Допты екі тізесінің арасына қыстырып, қос аяқпен және кезекпен аяқты алмастыра отырып алға жылжып секіруді үйрету, тақтайға төрт тағандап өрмелеуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақ:«Адам табиғаттың ең ғажайып жаратылысы» Мақсаты: Адамның дене мүшелері туралы білім беру. Күн тәртібінің мағынасын түсіндіру. Тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу, меңгерген сөздермен сөйлем құрауға үйрету.	Математика негіздері Тақырыбы: «Кел, ойнайық!». Мақсаты: балаларды заттардың түрлі қасиеттерін тауып, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыруды, заттарды берілген белгілері бойынша топтастыруға үйрету; ә) балалардың негізгі түстерді ажырата білу қабілетін дамыту; кеңістікте бағдарлау қабілетін күшейтуді, кеңістік қатынастарын (алдында – артында, ортасында) анықтауға үйретуді жалғастыру; баланың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту; б) ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақ: «Сәлеметсіз бе, бұл мен!» Мақсаты: Адамның дене құрылыстары туралы түсініктерін бекіту. Адамның бейнесін салуға үйрету. Балалардың адам бейнесін сала отырып, эстетикалық талғамын дамыту. Жинақтылықпен ептілікке үйрету. Жапсыру Тақырыбы: «Қыз қыдырып жүр» Мақсаты: Қайшымен жұмыс істеу икемділіктерін жетілдіру. Қағазбен жұмыс істеуде шығармашылыққа баулу. Геометриялық фигураларды қию және адам бейнесіне келтіріп құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қағазды қос бүктеу тәсілдерімен қиюға, бірдей заттың бірнеше пішінін қабаттап қиып алуға, оларды бір-біріне өлшеп, жақсылап орналастырып желімдеуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақ: «Менің құқықтарым мен міндеттерім» Мақсаты: Балаларды өздерінің құқықтарымен, міндеттерімен таныстыру; балалардың құқықтық жағынан қорғалатыны туралы мәлімет беру; әрбір баланың өз құқығы, өз көзқарасы болатынын санасына жеткізу;
		2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз мықтымыз» Мақсаты: Балаларға отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Секіртпемен еркін секіруге, еңкейтілген тақтайға төрт тағандап өрмелеуге үйрету. Дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Мен қандай баламын?» Мақсаты: Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру, өзара жағымды қарым – қатынас жасауға, достыққа, еңбексүйгіштікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу	Жаратылыстану Тақ: «Бізді не қоршап тұр?» Мақсаты: Балаларға адам табиғаттың бір бөлігі екенін айтып түсіндіру. Өмір құндылықтарын үйрету. Табиғаттың әсемдігін сезініп аялай білуге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	Мүсіндеу Тақырыбы: « Биші Әйгерім» Мақсаты: Балардың ойлау қабілетін, көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту; ойыншықтың әр түрін мүсіндеуге, жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету; ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу;	Өзін –өзі тану Тақ: Мен қандай баламын? Мақ: Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру, қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым қатынас жасауға тәрбиелеу.
		3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көңілді балалар» Мақсаты: Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Гимнастикалық орындық үстімен қолға алма не алмұрт ұстап тепе-теңдікті ұстап жүруге үйрету. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіру.	Көркем әдебиет Тақ: «Жақсы мен жаман» (өлеңді жаттау) Авторы: Рахым Тышқанбаев Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп мәнін ашу. Өлең жолдары арқылы жақсы мен жаманды ажырата білуін меңгерту. Балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, жақсы-жаман қасиеттер туралы өз ойларын ашып айта білуге баулу. Жақсы болып өсуге тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақ: «Бізді не қоршап тұр?» Мақсаты: Балаларға адам табиғаттың бір бөлігі екенін айтып түсіндіру. Өмір құндылықтарын үйрету. Табиғаттың әсемдігін сезініп аялай білуге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1.Музыка Тақырыбы: «Бөбектер әні» (Е. Тәшов) Мақсаты: Балаларды жаңа әнмен таныстырып, әнді орындағанда үндесіп, бір-бірін тыңдауға үйрету.	
		3.Музыка Тақырыбы: «Бөбектер әні» (Е. Тәшов) Мақсаты: Әнді қайталау арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін қалыптастыру.				

ІҮ апта	Табиғат бұрышы	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлдер» Мақсаты: Балалардың табиғат бұрышы туралы түсініктерін молайту. Жүру, жүгіру, секіру, лақтыру және қағып алу, еңбектеу мен өрмелеу қимылының негізгі түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Затты желке тұсынан оң және сол қолымен допты алысқа лақтыруды үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Өсімдіктер әлемі» Мақсаты: Балалардың табиғат бұрышы туралы түсініктерін дамыту. Жүру, жүгіру, секіру, лақтыру және қағып алу, еңбектеу мен өрмелеу қимылының негізгі түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Кегли арасымен ирелеңдеп жүруді үйрету. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Бөлме гүлдері» Мақсаты: Балаларды бөлме гүлдері мен және олардың түрлерімен таныстыру. Бөлме гүлдерін күтіп-баптау мақсатында топ бөлмесінде таза ауа сақталып, денсаулыққа пайлады болатындығы туралы білімдерін дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Табиғат бұрышындағы - тотықұс» Мақсаты: Табиғат бұрышын мекендеуші құс – тотықұспен таныстыруды жалғастыру (денесі, ол көреді, естиді, қозғалады, өседі, көбейеді); тотықұстың құсқа тән ерекшеліктерін байқап, айтып беруге үйрету (жүні, қауырсыны, қанаты бар, ол ұшады). Еркіндікте өмір сүретін құстар мен торда өмір сүретін құстар туралы түсініктерін кеңейту. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Күз келгенде» әңгіме құрастыру Мақсаты: Балалардың табиғат жыл мезгілдерімен тығыз байланысты екенін, жылдың төрт мезгілінде табиғат құбылыстырының әр түрлі болатынын, табиғат адамдарға өз сыйын жылдың күз мезгілінде сыйлайтынын түсіндіру. әңгімеу барысында әріптерді анық айтуын қадағалау. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Күз сыйы» әңгімелеу Мақсаты: Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып, дауыс ырғағын келтіре әңгімелеп жеткізу. Күз байлығы адамдардың еңбегімен келетінін ұғындыру, оны бағалай білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күз жомарт» Е.Өтетілеуұлы (жаттау) Мақсаты: Балалардың табиғат жыл мезгілдерімен тығыз байланысты екенін, жылдың төрт мезгілінде табиғат құбылыстырының әр түрлі болатынын, табиғат адамдарға өз сыйын жылдың күз мезгілінде сыйлайтынын түсіндіру. Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып, өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқып жеткізу. Күз байлығы адамдардың еңбегімен келетінін ұғындыру, оны бағалай білуге тәрбиелеу Орыс тілі. Тема: «Рыбки в аквариуме» Цель: Познакомить детей с понятием «уголок живой природы». Расширить экологические знания детей. Расширить знания детей, обогатить словарный запас детей по данной теме; последовательно излагать свои мысли.	Математика негіздері Тақырыбы: «Біздің табиғат бұрышымыз» Мақсаты: а) балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық фигуралармен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету; кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру; ә) балалардың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту; б) сұраққа толық жауап беруге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Терезе алдында не өсіп тұр?» Мақсаты: Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мінез-құлық пен «жаңаны танысам» деген құлшыныстарын дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Жаңғақ қабығынан құрастыру» Мақсаты: Балаларды табиғи материалдардан грек жаңғағын пайдалана отырып, бүтін затты құрап өз ойынан шығармашылық танытуға үйрету. Ұсақ қол моторикасын жақсарту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақыры: «Қызыл-жасыл жапырақтар» (акварель) Мақсаты: Түстерді ажырата білуге, көркемдік талғамын қалыптастыру. Кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру. Бояу түстерін алмастырып отыруға, көңіл-күйге сәйкес жаттықтыру. Жапырақтар бейнесін беруде қылқаламды ыңғайлы қолдануға дағдыландыру. Жапсыру Тақырыбы: «Көркем күз» Мақсаты: Балаларға қосымша құралы ретінде түстерді пайдалана білдіру қабілетін дамыту үшін қағаз түстері мен көлеңкелерді үйлестіре таңдау қабілеттерін жетілдіру. Қағаз бетіне көркем композиция жасау мүмкіндігін қалыптастыру. Мүсіндеу Тақырыбы: «Көкөністер» (кияр, қызанақ) Мақсаты: Балаларға көкіністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Көкіністердің сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, кияр мен қызанақ мүсінін жасауға үйрету. Мүсіндеу амалдарын бекіту (домалақтау, созу, ширақтау, шымшу 1.Музыка Тақырыбы: «Күз тамаша» (Л. Мұхашова) Мақсаты: Балаларды жаңа әнмен таныстырып, әнді тыңдап, сезіне білуге және табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру. 2.Музыка Тақырыбы: «Күз тамаша» (Л. Мұхашова) Мақсаты: Әнді қайталау арқылы балалардың ойынды, биді қадағалап, белсене араластыру. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Менің есімім» Мақсаты: Әрбір баланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғындыру, адамның есімі, оның адамға қандай міндеттер жүктейтіні туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым- қатынасқа тәрбиелеу.
---------	----------------	---	---	--	--	--

Өтпелі тақырып: «Туған өлкенің табиғаты»

Қазан айы, 2020 жыл

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер әлемі туралы білімдерін кеңейту, табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы өсіп дамуының байланысын балаларға түсіндіріп, бекіту.

Міндеті: Қазақстанның қызыл кітабына енген дәрілік өсімдіктермен таныстыру, өсімдіктердің аттарын білу, құрылымы және оларды күтіп-баптау, табиғаттағы қажеттілігі және қоршаған ортадағы заңдылықтарын ажырата білуге үйрету.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауат ашу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру -1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Гүлдер әлемі (бөлме гүлдері, дала, бақша, дәрілік емдік қасиеттері)	1.Дене шынықтыру Тақ: «Гүлдер әлемі» Мақсаты: Балаларға өсімдіктер әлемі туралы тереңірек түсінік беру. Тапсырманы орындай отырып, бір- бірлеп тізбекпен жүруге және шашырап жүгіруге жаттықтыру. ылдамдыққа, ептілікке дағдыландыру. Қос аяқтап заттар үстінен, оң және сол аяқпен кезектесе секіру. 2. Дене шынықтыру Тақ: «Өсімдіктер әлемі» Мақсаты: Балаларға өсімдіктер әлемі туралы түсінік беруді жалғастыру. Ойындар ойнатып және жаттығулар жасату. Допты бірқатарға қойылған заттар арсымен домалату. 3. Дене шынықтыру Тақ: «Бөлме өсімдіктері» Мақсаты:Балаларға өсімдіктер әлемі туралы түсінік беруді дамыту. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету; балалардың зейінін дамыту. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Кедергісі бар тактай үстімен аяқ ұшымен адымдап жүруді үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Гүлзардағы раушан гүлі» Мақсаты: Гүлдер туралы түсінік беру. Раушан гүлімен және оның қасиеттерімен таныстыру. Балалардың бейнелі ойлауын, зейінін, қиялын дамыту. Эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөз, тіл не үшін қажет?» Мақсаты: Балалардың сөйлеу мәнерін, сөздік қорын дамыту. Сөйлеу барысында асықпай, анық, нақты сөйлеуге үйрету. Тілдің сөйлеу мәнері үшін маңыздылығын түсіндіру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөз, тіл не үшін қажет? Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Балаларды өздерінің сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесуге шақыру. Әңгімелесу барысында сөйлеу мәнерін, сөздердің айтылуын қадағалау, сөздік қорларын дамыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» әңгімесі Авторы: Мәдіхат Төрежанов Мақсаты: Әңгімені оқып беріп таныстыру арқылы балалардың зейінін аудару, қызығушылықтарын арттыру. Бағбан туралы түсінік бере отырып, бақтағы жұмыспен таныстыру. Әңгіме арқылы ойын, қиялын ұштастыра алуға баулу. Табиғатты сүюге тәрбиелеу. Орыс тілі. Тема: «Цветы» Цель: Закрепить знания детей о луговых, лесных, полевых цветах; научить называть и различать их, воспитывать бережное отношение к природе.Активизировать в речи названия цветов.	Математика негіздері Тақ: «Ақ гүлдер, көп гүлдер» Мақсаты: а) сопақша, төртбұрыш (шаршы және тіктөртбұрыш) туралы түсінік беру; заттардың пішінін анықтап, оларды пішінін басқа заттармен салыстыруды үйрету; заттарды түсіне, пішіні мен көлеміне қарай ажырата білу қабілетін қалыптастыру; ә) заттың маңызды белгілерін тауып, саралау және кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту; б) заттарды ұқыпты ұстауға, орнына қоюға,жинақылыққатәрбиелеу. Жаратылыстану Тақ: «Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?» Мақсаты: Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, оларды тану қабілеттерін дамыту. Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілеттерін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Түймедақтар» Мақсаты: Балаларға өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейте отырып, гүлдер туралы оның өзіндік ерекшелігін айтып өту. Сурет салуда қылқаламмен бояуды қалай пайдалану керектігін, түстердің қағаз бетіне әдемі, таза, ұқыпты түсуіне қол икемділігін дамыту. Өсімдіктерге деген қамқор сезімін тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Досыма түймедақ гүлін сыйлаймын» Мақсаты: Балаларға өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейте отырып, гүлдер туралы оның өзіндік ерекшелігін айтып өту. Гүл пішінін жасауға қатысты тәсілдерді меңгерту арқылы әдемі, таза, ұқыпты аппликациялық жұмыс жасауға үйрету. Өсімдіктерге деген қамқор сезімін тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Түймедақ» Мақсаты: Балаларға өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейте отырып, гүлдер туралы оның өзіндік ерекшелігі арқылы білімдерін кеңейту. Балаларға гүлдердің пішінін келтіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Өсімдіктерге деген қамқор сезімін тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Бау-бақшам» (Ә. Бейсеуов) Мақсаты:Гүлдер туралы түсінік беріп, музыканы тындауға үйрету. 2.Музыка Тақырыбы: «Бау-бақшам» (Ә. Бейсеуов) Мақсаты:Әнді қайталап айтуға үйрету	Қоршаған ортамен танысу Тақ: «Дәрілік өсімдіктер» Мақсаты: Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажетті мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету. Олардың не үшін қажет екенін түсіндіру. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. Өзін-өзі тану Тақ: «Менің туған күнім» Мақсаты: Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру, туған күн қуанышы туралы түсінік беру, өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

II апта	Орманда не өседі? (саңырауқұлақтар, жидектер)	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар» Мақсаты: Балалардың күз туралы түсініктерін тереңдету. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Қос аяқтап заттар үстіне оң және сол аяқтарымен кезектестіре секіруді үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жидектер» Мақсаты: Балаларға жидектер туралы түсінік беріп, балалардың күз туралы түсініктерін тереңдету,күзгі адамдардың еңбектеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Қос қолмен допты жоғары жіптің үстінен лақтыруды үйрету. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар туралы не білемін?» Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін толықтыру, саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру. Денсаулыққа пайдалы жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтардың түрлерін ажыратып білуге үйрету, табиғатты сүюге тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қ.Баянбаев «Жидек» өлеңі Мақсаты: Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін жетілдіру, өсімдіктер мен шөптердің, гүлдердің жарамды және жарамсыз, улы болатындығын оларды ажыратып білуге үйрету. Өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп айтуға баулу. Өсімдіктерді қорғауға, күтіп-баптауға тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Не, қайда өседі?» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін жетілдіру, сурет бойынша сұрақтарға жауап беруді, әңгіме құрастыруды үйрету. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер» дидактикалық ойын Мақсаты: Күз туралы балалардың білімдерін кеңейте отырып, тақырып бойынша балаларға сөздерді дұрыс айтып үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Маша мен аю» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Орман аңдары туралы түсініктерін бекіту. Орман қауіпсіздігі туралы мағлұмат беру. Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын, мағынасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ойын қиялмен ұштастыра білуге, кейіпкерлерді ажырата білуге дағдыландыру. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу Орыс тілі Тема: «Грибы» Цель:Систематизировать представления детей о лесе: что растёт, кто живёт в лесу; умение классифицировать и обобщать; закрепить умение составлять предложения с предлогом; умение подбирать прилагательные-антонимы в заданной форме; закрепить правила поведения в лесу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Жидектерді терейік» Мақсаты: а) 1 саны және цифрымен таныстыру; бір затты анықтай алуға үйрету; заттардың белгілерін тауып, оларды сол белгілеріне қарай жіктеу қабілетін қалыптастыруды жалғастыру; ә) балалардың сөйлеу қабілеті мен зейінін, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту; б) тиянақтылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?» Мақсаты: Саңырауқұлақтың кейбір жеуге жарамды (қозықұйрық, томарқұлақ, ақ саңырауқұлақ, қайың саңырауқұлақ, терекқұлақ) және улы түрлері (шыбынжұт, боз арамқұлақ) туралы түсінік қалыптастыру. Балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен емін-еркін сөйлесу кезінде танымдық-зерттеушілік қызметті дамыту. Табиғатты аялай білуге баулу. Құрастыру Тақырыбы: «Жидектерге арналған себет» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жидектер туралы, соның ішінде орманда өсетін жидектер туралы білімдерін кеңейту. Бүктеу және құрастыру арқылы жидектерге арналған себетті жасау дағдыларын қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Саңырауқұлақ» Мақсаты: балаларға орман өсімдіктері, соның ішінде саңырауқұлақтар туралы білімдерін кеңейту. Сопакша, жарты шеңбер геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, қағаз бетіне саңырауқұлақты карандашпен салуға үйрету. Жапсыру Тақырыбы: «Алаңқайдағы саңырауқұлақтар» (ұжымдық жұмыс) Мақсаты: Балаларға орманда өсетін саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру. Жарты шеңбер және сопақ шадан бүтін бейнені құрастыруға оны қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Балаларды ұжымдық жұмыс жасауда достыққа тәрбиелеу Мүсіндеу Тақырыбы: «Себеттегі саңырауқұлақтар» Мақсаты: Балаларға орманда өсетін саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру. Есу, дөңгелектеу, үңгу, жалпақтау және қосу әдісдерін пайдалана отырып, себеттегі саңырауқұлақты мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. 1.Музыка Тақырыбы: «Күз жомарт» (Қ. Шілдебаев) Мақсаты: Орманда не өсетіні туралы түсінік беріп,әнді мәнерлеп айтуға үйрету. 2.Музыка Тақырыбы: «Күз жомарт» (Қ. Шілдебаев) Мақсаты:Әнді қайталап, би қимылдарын әуенге сай қозғалыс жасай білуді қадағалау.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Менің сезімдерім» Мақсаты: Адамның сезімдері, оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру, адамның сезімдері туралы түсінік беру, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

III анта	Ағаштар мен бұталар. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сары лапыз» Мақсаты: Балалардың қызыл кітапқа енген өсімдіктер әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру . Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Қос аяқтап заттар үстінен оң және сол аяқтарымен секіруді үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қызыл қайың» Мақсаты: Балалардың қызыл кітапқа енген өсімдіктер туралы түсініктерін дамыту. Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бір сызыққа қойылған заттар арасымен «жыланша »ирелендеп кедергілерден өтуді үйрету. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сүйсін шпқылдағы» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер әлемі туралы түсініктерін молайтуды жалғастыру. Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап жүруге және жүгіруге үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ақ қайың» (Күзгі жапырақтар) Мақсаты: Өсімдіктер, өсімдіктердің түрлері туралы түсінік беру. Елімізде өсетін емдік шөптер мен дәрілік өсімдіктерді таныстыру, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Өсімдіктерді қорғауға, баптауға тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөзбен танысайық» Мақсаты: Балаларға сөз туралы түсінік беру. Сөзді анық, ашып айтуға үйрету. Әр сөздің айтылу мәнерін, мағынасын түсіндіру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөзбен танысайық» Мақсаты: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Балаларға ағаштар мен теректер оның бұталары туралы түсіндіре келіп, Қызыл кітапқа енген ағаштар туралы түсінік беру. Ертегі мазмұнын түсіндіріп, қызығушылығын ояту. Ертегі арқылы балаларды еңбек сүйе білуге тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Поспели на дереве.Фрукты» Цель: Формировать представления на русском языке о фруктах и их многообразии,развивать умение называть свойства фруктов: вкус,запах,цвет,величину,форму,где растут,учитьназывать, что из фруктов можно приготовить	Математика негіздері Тақырыбы: «Не, қайда өседі?» Мақсаты: а) «Заттар жұбы» туралы түсінік беру; заттарды жұптастырып, оларға сипаттама беруді үйрету; жұп заттың санын білдіретін 2 цифрымен таныстыру; 2 цифрын жазуды үйрету; «сан» және «цифр» терминдерін ажырата білуге үйрету; заттарды санау, олардың атаулары мен ретін анықтау, сандарды жазу дағдысын бекіту; ә) логикалық ойлау және есте сақтау қабілетін дамыту; б) бір-бірінің сөзін тыңдай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаш пен бұта» Мақсаты: Балаларға қызыл кітап жөнінде түсініктерін қалыптастыру. Қызыл кітапқа енген ағаштар мен бұталар жөнінде әңгімелеу. Өз елінің өсімдіктерін білуге, олардың қандай пайдасы бар екенін түсіну, оларды қорғау үшін адамдардың не істеу керек екенін айтып түсіндіру. Туған жерінің табиғатына деген жауапкершілік сезімдерін арттыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Терек бұталары» Мақсаты: Балаларға ағаштар мен теректер оның бұталары туралы түсіндіре келіп, Қызыл кітапқа енген ағаштар туралы түсінік беру. Терек бұталарының сұлбасын қалай сурет арқылы салуын түсіндіру және ағаштардың өзіндік ерекшелігіне байланысты бір-бірінен ажыратуға үйрету. Суретті таза, ұқыпты сала білуге дағдыландыра отырып, тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Түрлі ағаштар» Мақсаты: Балаларға ағаштар мен теректер оның бұталары туралы түсіндіре келіп, Қызыл кітапқа енген ағаштар туралы түсінік беру. Терек бұталарының сұлбасын аппликациясын жасауда түсіндіру және ағаштардың өзіндік ерекшелігіне байланысты бір-бірінен ажыратуға үйрету. Суретті таза, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыра отырып, тәрбиелеу Мүсіндеу Тақырыбы: «Көрікті ағаш» Мақсаты: Қызыл кітапқа енген "Қарағай" , "Емен" ағаштар туралы түсінік беруді жалғастыру. Терек бұталарының сұлбасын қалай мүсіндеу керектігін түсіндіру және ағаштардың өзіндік ерекшелігіне байланысты бір-бірінен ажыратуға үйрету. Мүсіндеуге қол икемділігін дағдыландыра отырып, тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Күзгі жанбыр» (А.Досмағамбетова) Мақсаты: Күзгі мезгіл, ағаштар туралы түсінік беріп, ырғаққа ілесуге үйрету.Әнді бірдей орындауға дағдыландыру. 2.Музыка Тақырыбы: «Күзгі жанбыр» (А.Досмағамбетова) Мақсаты:Музыканы тыңдап, әнді қайталап, сипатын ажырата білуге баулу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Жер біздің ортақ үйіміз» Мақсаты: Жердің барлық тіршілік иесіне ортақ екенін ұғындыру, табиғат туралы түсініктерін дамыту және табиғаттағы қорғаудағы рөлдерін ұғындыру. Табиғатта өзін ұстау, оны қорғау арқылы құрметтеуге тәрбиелеу. Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Мен қамқор баламын» Мақсаты: «Қамқорлық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу, қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.
----------	---	--	--	--	--	--

ІҮ апта	Берекелі Алтын күз (Ас атасы - нан)	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Егінді жинаймыз» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы терең түсінік беруді жалғастыру. Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Ойын ережелерін сақтауға үйрету. Көлбеу басқышпен өрмелеп, гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып, қайта түсу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Отбасының күзгі еңбегі» Мақсаты: Балаларға табиғаттағы күзгі құбылыстар туралы түсінік беру, Күзгі өнімдерді жинаудағы отбасының еңбегі туралы әңгімелеу. Табиғаттың әдемілігіне сезіне білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Күз кереметтері» Мақсаты: а) 3 саны және цифрмен таныстыру; цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету; заттарды санауға машықтандыру; 3 цифрын тану және бейнелеуге үйрету; ә) балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту, б) эстетикалық тәрбие беру.	Сурет салу Тақырыбы: «Астық жинау» Мақсаты: Балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып, бидай масақтарын салуды үйрету, өз ойларынан және педагогтың әңгімесіне» сәйкес белгілі мазмұн бере оытырып ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Асты қадірлей білуге тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Тәтті тоқаш» Мақсаты: Балаларға нан туралы оның қайдан келетіні туралы толық түсінік беру. Аппликация жасауда дөңгелек пішінді келтіре отырып, дөңгелектеп қию, желіммен жапсыруды үйрету. Асты құрметтеуге, қадірлей білуге тәрбиелеу. Балалардың клд икемділігін, шығармашылығын одан әрі дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Мүсіндеу Тақырыбы: «Дәмді бауырсақ» Мақсаты: Балаларға "Ас атасы нан" туралы толық түсінік беру. Нан бізге қайдан келді? және қандай еңбекпен келетіні туралы түсіндіріп өту. Балаларға дөңгелек сары түсті ермексаздан дөңгелек пішінге келтіре бауырсақты мүсіндеуге үйрету. Асты қадірлей білуге тәрбиелеу. Балаларды еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: Мен осындай баламын Мақсаты: Балаларға жақсы қасиеттер туралы қарапайым түсінік беру, адамның бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.
		2. Дене шынықтыру Тақырыбы : «Жеміс – жидек көкөністерді жинау» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекше құбылыстары туралы балалардың түсініктерін молайту. Ойын ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл әрекеттердің үйлесімділігін дамыту. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан – қолға ауыстыруды үйрету.	Тақырыбы: «Дыбыспен танысайық» Мақсаты: Дыбыс туралы түсініктерін қалыптастыру. Дыбыстарды ажырата білуге үйрету.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Нан дастарханға қайдан келеді?» Мақсаты: Балалармен ұннан жасалатын тағамдар туралы әңгімелеу. Диқан мен наубайшылардың еңбегі жайлы түсіндіру, диқаншы еңбегі туралы ылімдерін толықтыру. Нанды ардақтау, ысырап қылмауға тәрбиелеу, үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	Құрастыру Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?» Мақсаты: Балаларды дәнді дақылдарды» пайдаланып жұмыс жасауға үйрету, өз ойларынан және педагог әңгімесіне сәйкес белгілі мазмұн бере отырып, ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.	1.Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» (Ж.Молдажанова) Мақсаты: Алтын күз ерекшеліктері туралы түсінік беріп, музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру.
		Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Сезім мүшелері» Мақсаты: Балаларға сезім мүшелерін анықтап, олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Сезім мүшелері арқылы жемістер мен көкөністердің, азық-түліктің дәмін айыра білуге үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын астық» Қ. Мүсірепов жаттау Мақсаты: «Алтын астық»өлеңін мазмұнын ашу. Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып, әр шумағын қайталату арқылы жаттықтыру. Астықты орып, жинау науқаны туралы балаларға айттып жеткізу. Балалардың ебекке деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, еңбекке тәрбиелеу.		1.Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» (Ж.Молдажанова) Мақсаты: Музыканы тыңдап әнді қайталап,би ырғақтарын жасауға талпындыру	

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Қараша айы, 2020 жыл

Мақсаты: Балаларға тірі табиғат иелерін (жануарлар, құстар, балықтар) және олардың түрлерімен таныстыру, топтастыру.

Міндеті: Олардың өмір сүру дағдыларын ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту. Жануардың адамға пайдасы және олардың өзара байланысы туралы түсініктерін кеңейту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауат ашу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру -1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Құстар біздің досымыз. Қыстайтын, жыл құстары	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аққу» Мақсаты: Балаларға құстарға қамқорлық көрсету қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, балалардың зейінін дамыту, қимыл-қозғалыс тәжірибесін дамыту. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Шығыршықты түзу сызық бойымен домалатып, қуып жетуді үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үйрек» Мақсаты: Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Ойын ережелерін сақтауға үйрету. Кеглиді доппен соғып құлатуды үйрету. Еденде бір-біріне параллель созылып жатқан үш-төрт жіптен кезекпен секіріп өтуді үйрету. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қоқи қаз» Мақсаты: Құстарға деген қамқорлық көзқарасын дамыту. Ұжым болып әрекет етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шапшандық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. Доғаның астымен төрт тағандап допты басымен итеріп, еңбектеуді үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Су торғайы» «ж», «ш» дыбыстары. Мақсаты: Әңгімені талдап, сұраққа жауап беруге үйрету; дыбыстарды дұрыс айта білуге дамыту, құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу. Сөздерді орынды қолданып, мәнерлеп оқу тәсілдерін меңгерту. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойын Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есте сақтау, ойлау, тыңдау қабілеттерін дамыту. Дыбыстардың түрлерін ажырата білуге үйрету. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөздер мен дыбыстар» Мақсаты: Сөздің дыбыстардан құралатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздер мен дыбыстардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Көркем әдебиет: Тақырыбы: «Көкек» ертегісі Мақсаты: Ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз қасиеттерін көруге, іс – әрекеттерін сезінуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Орыс тілі. Тема: «Зимующие птицы» Цель: Закреплять знания детей о птицах, обитающих в Казахстане, учить правильно называть их на русском языке. Обогащать словарь детей новыми словами и фразами: перья, перья, клюв, крылья, хвост, клевать, летать; лебедь - красивая птица; фламинго - редкая птица.	Математика негіздері Тақырыбы: «Біздің қанатты достар» Мақсаты: а) заттың салмағы және оны өлшеу туралы түсінік қалыптастыру; заттарды «ауыр-жеңіл» сөздерін пайдалана отырып салыстыруды үйрету; заттарды қолмен салыстырып, олардың салмағын көлеміне қарай анықтауды үйрету; ә) заттың кеңістіктегі орнын сипаттау қабілетін дамыту бағытындағы жұмысы жалғастыру; баланың зейінін, ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту; б) ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жыл құстары» Мақсаты: Құстардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту. Жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Сүйкімді торғай» Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің ерекшелігін түсіндіре отырып, құстар туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыстап қалатын құстар туралы толық түсіндіруді жалғастыру, оларға қамқор болуға, аялауға, көмектесуге тәрбиелеу. Сурет салу кезінде таза, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Бейнелеу өнеріне қызығушылықтарын ояту. Жапсыру Тақырыбы: «Суықторғай» Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің соңғы айы екенін, күн суытып, ызғар басталғаны туралы және аулада қыстап қалатын құстар туралы толық түсіндіруді жалғастыру, оларға қамқор болуға, аялауға, көмектесуге тәрбиелеу. Аппликациямен жұмыс жасаған кезінде таза, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Мүсіндеу Тақырыбы: «Дән терген құс» Мақсаты: Балаларға құстардың тіршілігі туралы түсінік беру, мүсіндей білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын ұсақ қол қимылдарын дамыту. Ептілікке, икемділікке, тазалыққа тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Құстар әні» (К.Қуатбаев) Мақсаты: Құстар туралы түсінік беріп, музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге, құстарға қамқор болуға баулу. 2. Музыка Тақырыбы: «Құстар әні» (К.Қуатбаев) Мақсаты: Музыканы тыңдап, әнді қайталап, би ырғақтарын жасауға талпындыру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Жыл құстары» Мақсаты: Құстар тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Тапсырмаларды орындату арқылы өз бетімен жұмыс жасауға баулу. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасауға үйрету. Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Менің туыстарым» Мақсаты: «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру. Туыстарға деген сыйластық қарым – қатынастарын дамыту. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

II апта	Үй жануарлары. Өсу жолдары, тіршілік мекені, пайдасы мен күтімі	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің ботақаным» Мақсаты: Үй жануарлары. өсу жолдары, тіршілік мекені, пайдасы мен күтімі туралы айту. Салауатты өмір салтын ұстануды, дене сапаларын дамыту. Шығыршық ішінен еңбектеп өтуді және допты еденге соғып, адымдап алға жүруді үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күшік пен мысық» Мақсаты: Үй жануарлары туралы және олардың адамға пайдасы туралы түсініктерін кеңейте отырып, олардың тіршілік әрекеті туралы білімдерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық сезімдерін ояту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Төрт түліктің төрелігі» Мақсаты: а) 4 саны және цифрымен таныстыру; цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санауға машықтандыру; 4 цифрын тануды және дұрыс суреттеуді үйрету; ә) балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту; б) б) ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы «Ботақан мен қошақан» Мақсаты: Үй жануарлары туралы толық түсінік беру арқылы олардың бізге берер пайдасын, күтімін, мекендейтін орынын түсіндіру. Қарындашты пайдалана отырып, төрт түлік малдың бейнелерін салуды үйрету. Үй жануарларын денесін, келбетін дұрыс бейнелей білуге дағдыландыру. Жануарларға деген қызығушылық сезімге тәрбиелеу.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Отбасылық мерекелер» Мақсаты: Балаларға «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасылық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту. Қуанышты көңіл – күй сыйлау дағдыларын қалыптастыру. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу..
		2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ақ қошақан» Мақсаты: Үй жануарлары, өсу жолдары, тіршілік мекені, пайдасы мен күтімі туралы айту. Балалардың денсаулығын нығайту және негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру мақсатына қол жеткізуге бағытталған. Еденге бірнеше қатар төселген тақтайшамен гимнастикалық таяқтар арқылы секіруді және доға астынан еденге қолын тигізбей, тура және бір бүйірімен өтуді үйрету.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөздер мен дыбыстар» Мақсаты: Дыбыстарды ажырата отырып дыбыстардың сөздермен өзара байланысы туралы білімдерін жетілдіру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарларының қандай пайдасы бар?» Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін толықтыру; үй жануарлары мен жабайы жануарлардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету. Қандай да бір жануарды суреттей білу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарым-қатынас жасауға үйрету.	Жапсыру Тақырыбы: « Мысық» Мақсаты: Мысықты жапсыру барысында төзімділікпен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, әңгіме барысында танымдық белсенділігін арттыру, ойлауын қиялын дамыту. Жан-жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.	
		Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Үй жануарлары» Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы және олардың тіршілігі жөнінде мағлұмат беру. Үй жануарларына қамқорлық көрсету арқылы балалардың оларға деген сезімдерін ояту, үй жануарларынан алынатын өнімдердің денсаулыққа пайдасы туралы және оларды күтіп-баптауға баулу.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құлыншак» Н.Ораз Мақсаты: Үй жануарлары туралы және олардың адамға пайдасы туралы түсініктерін жандандыру. Сөздік қорын молайту. Жануарлар деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Құрастыру Тақырыбы: «Күшіктер» оригами әдісі Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейте отырып,түрлі-түсті қағаздан бүктеу әдісі арқылы күшікті жасауға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Еңбек нәтижелеріне жете білуге тәрбиелеу.	Мүсіндеу Тақырыбы: «Құлыншак» Мақсаты: Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін сақтай отырып, құлыншақты мүсіндеу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу.	
					1.Музыка Тақырыбы: «Тұлпарым» (Б.бейсенова) Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсінік беріп, музыкаға сәйкес қимылдап, динамикалық есту қабілеттерін дамыту.	
					2.Музыка Тақырыбы: «Тұлпарым» (Б.Бейсенова) Мақсаты:Әнді еске түсіріп, қайталап, әуенге сай би ырғақтарын жасауды қадағалау.Ойын барысын тыңдап, белсене араласуға ынталандыру.	

III апта	Жабайы жануарлар қысқа калай дайындалады? Әр түрлі мезгілдегі тіршілік кезеңі 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жабайы жануарлар әлемі» Мақсаты: Жабайы жануарлар әлемі туралы түсінік беру. Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету. Шығыршықты түзу сызық бойымен домалатуды және еденде бір-біріне параллель созылып жатқан үш-төрт жіптен кезекпен секіріп өтуді үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аюдың қысқы дайындығы» Мақсаты:Балаларға жабайы жануарлар әлемімен танысуды жалғастыру.Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Әр түрлі қалыпта кеуде тұсында ұстап, бастан допты асыра лақтыруды , еденге қол тигізбей, топпен қатарынан тұрған төрт-бес шығыршық ішінен өтуді үйрету. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қасқыр» Мақсаты:Жануарлардың түрлі мезгілдегі тіршілік кезеңің айту. Балалардың зейінін дамыту; қимыл-қозғалыс тәжірибесін дамыту. Құм толтырылған дорбашаны бір қолмен алысқа лақтыруды және кеглиді доппен соғып құлатуды үйрету. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Қысқа дайындық» Мақсаты: Жабайы аңдар: аю, қоян, түлкі, қасқыр туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыра отырып, тиінмен таныстыру. Тиіннің көректенуі, қысқы тіршілігі туралы білімін кеңейту. Жануарлар әлеміне танымдық қызығушылығын, қамқорлық сезімін ояту. әр түрлі мезгілдерге байланысты түстерінің өзгеріп отыруын өзгерту Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөйлеммен танысайық» Мақсаты: Сөйлем туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлемнің түрлерімен таныстыру. Сөйлем түрлерінің айтылуымен тыныс белгілерін ажырата білуге үйрету Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Хабарлы сөйлем» Мақсаты: Хабарлы сөйлеммен таныстыру. Хабарлы сөйлемнің тыныс белгісімен мағынасын түсіндіру Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» ертегісі Мақсаты: Ертегіні сурет бойынша әңгімелеу. Жағымды – жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс – әрекетін өз ойларымен жеткізе білу. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Дикие животные» Цель: Учить правильно произносить названия диких животных, правильно использовать обобщающее слово дикие животные. Формировать представления детей о жизни диких животных зимой и способах их питания. Математика негіздері Тақырыбы: «Зообакта» Мақсаты: а) балаларды «ұзақтық» (уақыт) терминімен таныстыру; уақытты сипаттайтын сөздерді (кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні, таңертең, күндіз, кеш, түн) қайталау; апта күндері туралы түсініктерін нақтылау;ә) 4 саны көлемінде санау қабілетін ұштау; 1,2,3,4 заттың жиынтығын анықтау және оларды цифрмен өрнектеу; б) уақытты үнемдеуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аңдар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру. Себеп-салдар байланысын анықтай білуге үйрету. Логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. Сурет салу Тақырыбы: «Қонжық» Мақсаты: Балаларға жабай жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың мекендейтін жерін, немен қоректенетінін және әр кезеңде қандай болатыны туралы түсіндіру. Мазмұнды композиция құрастыра білуге, өз қалаулары бойынша таңдауларына ерік беріп, композицияны дұрыс құрастыруға үйрету. Сурет салу барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, шығармашылық ой-қиялдарын дамыту. Жапсыру Тақырыбы: «Сұр қоян» Мақсаты: Балаларға жабай жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың мекендейтін жерін, немен қоректенетінін және әр кезеңде қандай болатыны туралы түсіндіру. Мазмұнды композиция құрастыра білуге, өз қалаулары бойынша таңдауларына ерік беріп, композицияны дұрыс құрастыруға үйрету. Жапсырма барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, шығармашылық ой-қиялдарын дамыту. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бұғы» (Дымков ойыншығы бойынша) Мақсаты: Дымков ойыншығын жасауға, сәндік мүсіндеу өнерін үйрету. Мүсіндеу іскерліктерін, қол саусақ моторикасын дамыту. Өнерді бағалай білуге тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. 1.Музыка Тақырыбы: «Сұр қоян» (Е.Боранғалиев) Мақсаты: Жабайы жануарлар туралы түсінік беріп, музыкаға сәйкес қимылдап, эмоцияналдық ықыластыққа тәрбиелеу. 2.Музыка Тақырыбы: «Сұр қоян» (Е.Боранғалиев) Мақсаты:Музыканы тыңдап, әнді қайталап, жануарларға тән қимылдарды жасауға талпындыру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Табиғаттағы тіршілік» Мақсаты: Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістермен тіршілігімен таныстыру. Жануарларға қамқор болуға үйрету. Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Отбасындағы қуаныш» Мақсаты: «Бақыт», «қуаныш» құндылықтарының мәнін түсіндіру. Отбасында үйлесімді қарым – қатынас жасауға үйрету. Отбасы мүшелеріне қамқорлық, жанашыр сезімдерін дамыту. Отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу.
-----------------	---	---

IV апта	Су қойма мекендеушілері	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шабактар» Мақсаты: Балалардың табиғат әлемі туралы түсінік беру. Балаларды шашпандыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа, берілген жаттығуларды нақты орындауға дағдыландыру. Доғаның астымен төрт тағандап, допты басымен игеріп еңбектеуді, еденге бірнеше қатар төселген тақтайшамен гимнастикалық таяқтар арқылы секіруді үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балықтар» Мақсаты: Су қойма мекендеушілері туралы түсініктерін молайту. Шығыршық ішінен еңбектеп өтуді және допты еденге соғып, адымдап алға жүруді үйрету. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Судың денсаулыққа пайдасы» Мақсаты: Балаларға суда тіршілік ететін балықтар туралы білімдерін жүйелеп тереңдету. Таза ауада шомылу мен табиғат аясында балық аулау, тынығуды дағдыландыру, балықтарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балық және су асты жануарлары» (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Теңіз мекендеушілері мен балықтар туралы білімдерін кеңейту. Балық және теңіз жануарларын өмір сүру ортасына байланысты топтастыра білу қабілеттерін қалыптастыру (теңіз, мұхит, өзен-көл) . Ойын-жаттығулар орындату орындату арқылы түбір сөз тудыратын жұрнақтарды (шы, іші -балықшы, теңізші) қолдана отырып шөп, балық т.б.түбір сөздерден скз тудыру тәсіліне үйрету. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сұраулы сөйлем» Мақсаты: Сұраулы сөйлеммен таныстыру. Сұраулы сөйлемнің тыныс белгісімен айтылу мағынасын түсіндіру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Лепті сөйлем» Мақсаты: Лепті сөйлеммен таныстыру. Лепті сөйлемнің тыныс белгісімен айтылу мағынасын түсіндіру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын балық» (ертегіні оқу, талдау) Мақсаты: Су және оның мазмұны туралы туралы білімдерін тереңдету. Су – тіршілік көзі екенін, пайдасы, маңызы, қасиеті туралы білімдерін кеңейту. Су мекендеушілер туралы білімдерін кеңейту. Су жануары - кит туралы мағлұмат беру, өлшеудің нәтижелерін шартты өлшеммен тексере отырып, көзбен өлшеуді үйрету. Қоршаған ортаны сүюге тәрбиелеу. Су мекендеушілерге қызығушылықтарын арттыру Орыс тілі. Тема: «Подводный мир» Цель: Введение и закрепление в словаре ребенка слова, связанные с подводным миром. Развивать логическое мышление. Учить детей обогащать и классифицировать (морские рыбы, аквариумные рыбы).	Математика негіздері Тақырыбы: «Су тіршіліктері» Мақсаты: а) 5 саны және цифрымен таныстыру; цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау және реттік санау қабілетін ұштау; 5 цифрын тану және дұрыс бейнелеуге үйрету; ә) балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту; б) эстетикалық тәрбие беру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Суда тіршілік ететін жануарлар» Мақсаты: Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. Табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Төңірегіндегі адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Кепкен жапырақтардан балық жапсыру Мақсаты: Балықтар туралы білімдерін нығайту. Кепкен жапырақтардан, балықты құрастыруға және жапсыруға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар» Мақсаты: Балаларға балықтардың тіршілік мекенімен таныстыруды жалғастыру, геометриялық кескіндерден бояу жағылған қағаздан балықтың бейнесін салуды үйрету. Мазмұнды тапсыруда композиция құра білу дағдыларын қалыптастыру, қиялын дамыту, балалардың қамқорлық сезімдерін ояту. Жапсыру Тақырыбы: «Су асты патшалығы» Мақсаты: Суда мекендейтін балықтардың тіршілік мекенімен таныстыруды жалғастыру, геометриялық кескіндерден бояу жағылған қағаздан балықтың бейнесін түрлі қағазан аппликациялық жұмыс жасау. Мазмұнды тапсыруда композиция құра білу дағдыларын қалыптастыру, қиялын дамыту, балалардың қамқорлық сезімдерін ояту. Мүсіндеу Тақырыбы: «Алтын балық» Мақсаты: Мүсіндеудің әр түрлі әдіс – тәсілдеріне машықтандыру. Балық бейнесін мүсіндей білуді үйрету. Мүсіндеу арқылы қол қимыл қозғалыстарын дамыту. Бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Бақа-бақа балпақ» (А. Досмақан) Мақсаты: Табиғат, су әлемімен таныстырып, дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру.Өнді тыңдап, әннің ырғағын айыру. 2.Музыка Тақырыбы: «Бақа-балпақ» (А.Досмақан) Мақсаты:Музыканы тыңдап, әнді қайталап, жануарларға тән қимылдарды жасауға талпындыру.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Достық неден басталады?» Балаларға «дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру, достарға деген мейірімді қарым қатынасқа үйрету, достаса білуге тәрбиелеу.
---------	-------------------------	---	--	--	---	--

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Желтоқсан айы, 2020 жыл

Мақсаты: Балалардың Отан туралы түсініктерін дамыту. Қазақстан Республикасының егеменді, тәуелсіз мемлекет екені туралы білімдерін дамыту.

Міндеті: Елордамыз Астананың көрікті жерлері және өз туған өлкелерінің тарихы туралы білімдерін кеңейту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауат ашу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру -1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Тарихқа саяхат	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Туған жер» Мақсаты: Туған өлке туралы балалардың түсінік беру. Балалардың зейінін дамыту; қимыл- қозғалыс тәжірибесін дамыту. Гимнастикалық отырғыштан берілген орынға сәл бүгілген аяқпен жайлап секіріп түсуді және қолды жерге тигізбей шығыршықтан тура және бүйірімен өтуді үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Отан –оттан да ыстық» Мақсаты: Балаларға Отан, туған жер туралы терең түсінік беруді жалғастыру. Балаларға ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Қар кесегін тік нысанаға иық тұсынан оң, сол қолдарымен лақтыруды және гимнастикалық отырғыш үстімен әр қадам сайын қар кесегін артынан қолдан-қолға ауыстыра жүруді үйрету. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Туған өлке» Мақсаты: Балаларға Отан, туған жер туралы терең түсінік беруді жалғастыру. Жүгіріп келіп, ұзындыққа секіруді және қатарынан қойылған доғаның астымен қолына доп ұстап, еңбектеп өтуді үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мұражайда» Мақсаты: Балаларға мұражай туралы түсініктерін кеңейту. Ұлттық көне заттардың атауын меңгерте отырып, соның ішінде "Саптыаяқ", "Торсық" туралы әңгімелеу, сөздік қорларын дамыту; қазіргі дамыған заманда пайдаланатын тұрмыстық заттарға тоқталу; Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Буынға бөліп үйренейік» Мақсаты: Буын туралы түсінік беру. Сөздердің бірнеше буындардан құралатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Буындарға сөз құра» Мақсаты: Сөздерді екі алақанмен шапалақтау арқылы буынға бөлуді үйрету. Буынның ережесін үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің елімнің рәміздері» (өлеңді жаттау) Авторы: Нұрлан Қалқа Мақсаты: Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып, мазмұнын ашу. Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. Иmandылық, адамгершілік тәрбиесіндегі үлгі – өнеге сөздерді үйретіп, елді қорғауға баулу. Орыс тілі. Тема: «В музее» Цель: Дать детям обширное понятие про независимый Казахстан. Разучивать стихотворения, чтить и помнить имена наших героев. Воспитывать патриотическое чувство, чувство гордости за свою страну, бережное отношение к экспанатам и памятникам.	Математика негіздері Тақырыбы: «Көрмеде». Мақсаты: а) 5-ке дейін санау қабілетін күшейту; реттік санау дағдысын қалыптастыру; ә) геометриялық фигуралардың атаулары туралы білімін пысықтау; талдау және салыстыра алу қабілетін арттыру; б) реттілікті сақтай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Гурьев пен Атырау» Мақсаты: Балаларға өз туған қаласының тарихымен таныстыру. Бұрынғы және қазіргі Атырау қаласын бейнебаян және суреттер арқылы тамашалай отырып, мағұлмат беру. Өз еліне, туған жеріне сүйіспеншілігін арттыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Тостаған» Мақсаты: Балаларға ыдыстар туралы мағұлмат беруді оның ішінде көне заттармен қазіргі заманның дүниелерін таныстыруды жалғастыру арқылы бейнелеу өнеріне қызығушылықтарын арттыру. Қылқламның көмегімен тостағанның суретін салуды үйрету. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Арба» Мақсаты: Балаларға көне көлік түрі арбамен туралы мағұлмат бере отырып, түрлі геометриялық пішіндерді қиып, қағаз бетіне кеңістікті бағдарлай отырып, жапсыруды дағдыландыру. эстетикалық талғамдарын арттыру. Балаларды еңбекке тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Торсық» Мақсаты: Қазақтың ұлттық бұйымы- торсықпен таныстыру және қазіргі кездегі термосты пайдаланатыны туралы түсініктерін кеңейту, торсықты ермексаздан мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету, торсықты әртүрлі тәсілдермен безендіру. Ұсак қол қимылдарын дамыту, көру арқылы мүсіндей білу іскерлігін қалыптастыру. 1.Музыка Тақырыбы: «Отаным» (Д. Қықымов) Мақсаты: Тақырып туралы түсінік беріп, музыкаға сәйкес қимылдап, эмоцияналдық ықыластыққа тәрбиелеу. 2.Музыка Тақырыбы: «Отаным» (Д. Қықымов) Мақсаты: Әнді орындауға баулу, қайталату. Ойынға белсене қатыстыру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Арал теңізі» Мақсаты: Балаларға теңіз туралы мағұлмат беру. Бұрынғы және қазіргі кездегі Арал теңізі туралы түсініктерін кеңейту, бейнероллик арқылы көргендерін есте сақтауға, табиғатқа деген сүйіспеншілікке оны қорғай білуге деген ынтасын тәрбиелеу. Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Адал дос» Мақсаты: «Адалдық», «Адал дос» туралы түсініктерін кеңейту. Адалдық қасиеттерін дамыту. Адал дос болуға тәрбиелеу.

II апта	Менің туған өлкем	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен туған жерімді құрметтеймін» Мақсаты: Балалардың туған өлке туралы түсініктерін ары қарай дамыту. Тепе- теңдікті сақтау қабілетін дамыту. Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. Гимнастикалық отырғыш үстімен басына қапшық қойып, алып жүруді, допты қос-қолдап, заттар арасымен алып жүруді үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Туған жер – алтын бесігім» Мақсаты: Балалардың туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды зерек болуға және бір- біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету. Негізгі қасиеттерді- шапшаңдық, ептілікті дамыту. Допты қос қолымен желке тұсынан себетке лақтыруды және еденде қатарынан салынған жіп арқылы секіруді үйрету. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Менің Отаным-Қазақстан. Салауатты өмір салтын сақтаймыз» Мақсаты: Балалардың кең байтақ Отанымыз туралы және кең байтақ жеріміздің ауасы, табиғаты, адам денсаулығына қосар үлесі шексіз екендігін түсіндіру. Салауатты өмір салтын сақтауға шақыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің Отаным» Мақсаты: Туған елге мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу. Тәуелсіздік күні туралы түсінік беру. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Тәуелсіз болу-өз еркімен өмір сүру деген сөзі айтып түсіндіру. Қазақстандық әр азаматтың ұнаған мектепте, жоғарғы оқу орнында білім алуға, қалаған мамандығын таңдауға, сүйікті ісімен айналысуға, ауырып қалса емделуге, демалуға, спортпен айналысуға және де басқа да көптеген нәрсені өздері таңдап алуға құқығы бар екендігі ұғындыру. Қазақстан көп ұлтты мемлекет екендігі,елімізде 16-17 желтоқсан –Тәуелсіз күні болып белгіленгені туралы мәлімет беру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қанша буын?» дидактикалық ойын Мақсаты: Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін, шапшаңдық пен икемділіктерін дамыту. Сөздің қанша буыннан құралғанын туралы білімдерін кеңейту Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сурет бойынша әңгімелер құрастыр» Мақсаты: Сурет арқылы сөздерден сөйлем құрауға үйрету. Сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын кеңейту. Көркем әдебиет Тақырыбы: Е.Өтетілеуов «Отан» Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға,тыңдап түсіне білуге үйрету; Тез қабылдауға баулу, тіл байлықтарын дамыту; Өз еліне,туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ермек Өтетілеуұлы «Отан» өлеңін оқып түсіндіру. өлең жолдарын орынды қолданып,мәнерлеп оқу тәсілдерін меңгерту.(хрестоматия-29 бет) Орыс тілі. Тема: «Мой город Атырау» Цель: Расширять и уточнять знания детей о своей стране, вызвать желание больше узнать об истории её независимости. Учить правильно называть на русском языке государственные символы.	Математика негіздері Тақырыбы: «Туған өлкеде» Мақсаты: а) 0 цифрын бос жиынның санды таңбасы ретінде таныстыру; 0 цифрын жазуды үйрету; сан туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру: <i>бір және бірде бір зат</i>; ә) балалардың зейінін, сөйлеу және дәптерде бағдарлау қабілетін дамыту; б) жинақылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің сүйікті қалам» Мақсаты: Балаларға өзінің туған өлкесі жөнінде білуге үйрету. Туған қаласының әсемдігін сезінуге, әдемі ғимараттардың бой түзеп салынып жатқанын ұғындыру. Өз қаласын құрметтеуге, адамдар еңбегін бағалай білуге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Менің қалам» Мақсаты: Балаларға туған өлке туралы түсініктерін кеңейту, құрылыс материалдарынан өздерінің қаласын құрастыруға үйрету. Отанына, еліне деген құрметпен қарауына тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Түнгі қала» Мақсаты: Балаларға дәстүрден тыс әдіспен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Майшаммен қала, аспан бейнесін салып, субояқ пен сорғышты пайдаланып салуға үйрету. Көркемдік талғамын, ой-қиялын дамыту. Еңбексүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Туған өлкем» ұжымдық жұмыс Мақсаты: Балаларға бөлек қиындылардан бүтін зат құрауға үйрету. Ұжымдық жұмыс жасау кезінде достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Өз туған жерін қадірлеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Жүйрік ат» Мақсаты: Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін сақтай отырып, жүйрік атты мүсіндеу. мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту. Бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Тәуелсіздік ел ұраны» (Г.Жотаева) Мақсаты: Туған еліне, жеріне деген патриоттық сезім туралы түсінік беріп, музыканы тыңдап, сезініп, сипатын ажыратуға үйрету. 2.Музыка Тақырыбы: «Тәуелсіздік ел ұраны» (Г.Жотаева) Мақсаты:Музыканы тыңдап, әнді қайталаып, қарапайым би элементтерін көрсету.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Достық бірлікте» Мақсаты: «Достық», «бірлік» құндылықтарының мәнін түсінуге ықпал ету. Қамқорлық, бірлік туралы түсініктерін кеңейту. Достық қарым – қатынас дағдыларын дамыту. Айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.
---------	-------------------	--	---	--	---	--

III апта	Тәуелсіз Қазақстан	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тәуелсіздік Төрімде» Мақсаты: Балаларды Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Күш, ептілік, жылдамдық тәрізді қимыл сапаларын дамыту. Тепе-теңдіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды , оң және сол аяқтарымен сырғанай отырып, бірінің артынан бірі шаңғымен алға жылжуды үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Еліміздің рәміздері» Мақсаты: Қазақстан Республикасының рәміздерімен таныстыруды жалғастыру. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранына рәсім жасауды үйрету. Рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Сәулетті қала» Мақсаты: а) балаларды «=» таңбасымен, оның мәнімен таныстыру; жиын элементтерін анықтау және сол жиыннан топ құрау (ішкі жиын); тең дәрежелі жиындарды табу; ә) балалардың зейінін, сөйлеу және дәптерде бағдарлау қабілетін дамыту. б) достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Бәйтерек» Мақсаты: Балалардың еліміз туралы түсініктерін кеңейту. Түрлі түсті карандаштарды пайдалана отырып, Астанамыздың символы бәйтеректі бейнелеуге үйрету. Ұқыптылықпен жұмыстануға тәрбиелеу. Отанын, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу Жапсыру Тақырыбы:«Бейбітшілік құсы «Көгершін». Оригами. Мақсаты: Ежелгі грек аңыздарының бірінде соғыс құдайы –Марстың жорыққа киетін дулығасына кептер ұя салып, соның себебімен ол соғыс бастай алмай қалады. Ағызда соғысқа бөгет болған бұл сүйкімді құс сол баяғы заманнан бері бейбітшілік символы болып келетіні туралы балаларға түсінік беру. Қағазды «оригами» әдісіменкөгершін бейнесін жасауға үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Қыран құс» Мақсаты: Балалардың мүсіндеу іскерлік, дағдыларын жетілдіру (созу, илеу, шымшып созу, тегістеу). Ту бейнесіндегі көркем қабылдауларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларды жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің Отаным-Қазақстан» Мақсаты: Отан деген сөздің мағынасын түсіндіру. Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айтуға үйрету, зейіндерін дамыту. Туған жерін, Отанын сүйуге тәрбиелеу.
		2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Отаным Қазақстан!» Мақсаты: Балалардың Отан, туған жер туралы түсініктерін дамыту арқылы ойын ережелерін білу және нақты орындауға дағдыландыру. Гимнастикалық қабырғаға түрлі тәсілдермен өрмелеуді және шахмат тәрізді қойылған кесек ағаш арқылы қос аяқпен секіруді үйрету.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Әріппен танысайық» Мақсаты: Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата алуды, ойлау қабілеттерін дамыту.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Тәуелсіздік төрінде» Мақсаты:Балаларды тәуелсіздік ұғымымен таныстыру, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы туралы түсініктерін жетілдіру, Отанымыздың байлығы туралы білімдерін дамытып, Отанына, еліне деген құрметпен қарауына тәрбиелеу.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Менің үйдегі достарым» Мақсаты: «Қамқорлық» ұғымының маңызын түсіндіру. Үй жануарларына қамқорлық көрсету туралы түсінік беру. Үй жануарларымен жағымды қарым – қатынас дағдыларын дамыту. Жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	
		3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Отан байлығым» Мақсаты: Балалардың Отан, туған жер туралы түсінік беруді жалғастырып, ойын ережелерін білу және нақты орындауға дағдыландыру. Таза ауада ойнатылатын қысқы ойындармен таныстыру. Көлбеу қойылған шығыршыққа құм толтырылған дорбашаны лақтыруды және табанмен қысқа таяқшан алға, артқа лақтыруды үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан» (өлеңмен таныстыру) Авторы: Оразақын Асқар Мақсаты: «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін оқып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең арқылы туған жерге, елге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанды, елді қорғауға тәрбиелеу.			
			Орыс тілі. Тема: «Моя родина-Казахстан» Цель: Закреплять знания детей о своей стране, правильно называть на русском языке столицу Казахстана - Нурсултан, Президента страны – ҚасымЖомарт Кемелұлы Токаев. Развивать слуховое и зрительное внимание, целостное восприятие, долговременную память, обогащать и активизировать словарь.			

IV апта	Астана-Отанымыздың жүрегі	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қазақстан Елордасы –Астана» Мақсаты: Балаларға Елорда Астана туралы баяндау, Астана қаласының көрікті жерлерімен таныстыру. Түрлі кедергілер арқылы жаттығулар орындау дағдыларын дамыту. Лақтыру тәсілдерін үйрету. Допты екі қолымен бір-біріне басынан асыра лақтыруды, оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен секіруді үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Астанаға саяхат » Мақсаты: Балаларды Астана қаласының көрікті жерлерімен таныстыруды жалғастыру. Балалардың оқу қызметтерінде үйренген секіру тәсілдерін бекіту. Шығыршықты тігінен ұстап тұрып, оның ішінен сәл ғана иіліп өтуді және кедергілер арасымен допты аяқпен итере алып жүруді үйрету. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Менің қайырымды көмекшілерім. Көз. Жүрек» Мақсаты: Балаларға адам ағзасы сезім мүшелері туралы әңгімелеу. Астана қаласының әсемдігі мен әдемілігін сезім мүшесі көзбен көріп тамашалап, жүрекпен сезіне білуге баулу. Өз Отанынын жүрекпен жақсы көруге тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Астана бас қала» Мақсаты: Ел ордасы Астана туралы білімдерін жетілдіру. Астананың көрікті жерлерімен таныстру. Өздерінің Астанада көргендерін баяндау, сөздік қорын дамыту. Еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Жазу жазып үйренейіе» Мақсаты: Балаларды үзік сызықтарды қосуды үйрету. Жазу кезінде дұрыс отыруға, дәптер мен қарындашты дұрыс ұстауға қалыптастыру. Шыдамдылыққа тәрбиелеу Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Менің қолтаңбам» Мақсаты: Өріптердің таңбалану элементтерін үйрету. Берілген суреттерді штрихтау, жазу кезінде ара қашықтықты сақтауға, суреттерді жалғастырып жазуға үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Ел жүрегі – Астана» Қ Қайым (жаттау) Мақсаты: Қазақстанның астанасы - Астана қаласы жайлы білімдерін жетілдіру. Астана туралы әңгімелей отырып білімдерін толықтыру. Астана қаласының көрікті жерлерін білу және шығармадағы негізгі ойды ашу. Жатқа айту, есте сақтау, түсінік дағдыларын дамыту. Тыңдай білу дағдыларын дамыту. Өлең арқылы отанын сүюге, ел азаматы атағына лайықты, елінің патриотты болуға тәрбиелеу. Орыс тілі. Тема: «Город Нурсултан- столица» Цель: Развивать умение составлять рассказ по образцу (2-3 предложения), продолжать формировать умение поддерживать разговор, расширять словарный запас по данной теме. Развивать умение детей употреблять в речи имена существительные единственного и множественного числа, правильно ставить ударение при произношении слов.	Математика негіздері Тақырыбы: «Бәйтерек әсемдігі» Мақсаты: а) қосу амалының мәнін түсіндіру; «+» таңбасын қолданысқа енгізу; қосу амалдарын құрастырып, жазуды үйрету; алғашқы бестіктегі сандардың нумерациясын пысықтау; ә) балалардың зейінін, кеңістікте ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілетін дамыту; б) бір-біріне көмек қолын созуға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Астананың көрікті жерлері» Мақсаты: Еліміздің ірі қалалары туралы мағлұмат беру, олардың көрікті жерлерімен таныстыру. Білімдерін кеңейту, балалардың туған өлке, жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, оларды қадірлеуге тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Астана Бәйтерек» Мақсаты: Астананың көрікті орындары жайлы түсініктерін кеңейту және «Бәйтеректі» құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру, материалдардың бөліктерін түсіне, көлеміне, пішінін сәйкестендіре және суреттерді дұрыс орналастыра білуге үйрету, ел ордасы Астанаға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Қазақстанның қалалары туралы терең түсінік беру.	Сурет салу «Тақырыбы: "Қош келдің, Жаңа жыл, Отаныма!" Мақсаты:Балаларға бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыра отырып, Астана-Отанымыздың жүрегі екенін түсіндіруді жалғастыру. Қазақстанымызға жаңа-жыл мерекесінің де келіп жеткені туралы айта келе балаларға жаңа жылда жасыл шыршаның жанында әсемділігін бейнелеуге мерекелік көңіл-күй сыйлауға, тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Жапсыру Тақырыбы: «Астанада-Жаңа жыл!» Мақсаты:Бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыра отырып, Астана-Отанымыздың жүрегі екенін түсіндіруді жалғастыру. Астанаға да жаңа-жыл мерекесінің де келіп жеткені туралы айта келіп, түрлі-түсті қағаздан аппликация жасауға үйрету. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлауға тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Мүсіндеу Тақ: «Әсем шырша Астанада» Мақсаты Астана-Отанымыздың жүрегі екенін түсіндіруді жалғастыру. Қазақстанымызға жаңа-жыл мерекесінің де келіп жеткені туралы айта келе балаларға жаңа жылда жасыл шыршаның жанында әсемділігіне қызыға қарайтындай шырша бейнесін мүсіндеу арқылы мерекелік көңіл-күй сыйлауға, тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. 1.Музыка Тақырыбы: «Астана» (А. Досмағамбет) Мақсаты: Астана туралы түсінік беріп, музыканы тыңдап, әнді айтуға үйрету. Астананың жарқын келбетін музыка арқылы жеткізу. 2.Музыка Тақырыбы: «Астана» (А. Досмағамбет) Мақсаты:Музыканы тыңдап, әнді қайталатып, үйренген әндерге, билерге деген қызығушылықтарын арттыру. Менгерген дағдыларды бекіту.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Достық әлемі Мақсаты: «Достық» ұғымын, оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Достық, татаулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру. Өзара татулық сезімдерін дамыту. Достыққа қадірлей білуге тәрбиелеу.
---------	---------------------------	--	---	---	--	--

Өтпелі тақырып: «Дені саудың – жаны сау»

Қаңтар айы, 2021 жыл

Мақсаты: Балалардың жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру, спортпен белсене шұғылдануына ықпал ету. Салауатты өмір салтына қалыптастыру.

Міндеті: Балалардың жеке бас тазалығын сақтау ережесін қалыптастыру (қол жуу, тіс күту, көзді сақтау, дене бітімін сақтау), күн ережесін (тамақтану, ойнау, сабақ оқу, дем алу, ұйқы, серуен) дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауат ашу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру -1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Бәрі мен жайлы	1. Дене шынықтыру Тақ: «Біз баламызшыныққан, денсаулығы мықты жан» Мақсаты: Балалардан денсаулықтары жайында сұрай отырып, балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту. Ұзын және қысқа секіртпемен қос аяқтап, ыршып-ыршып секіруді, 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, оң және сол қолмен лақтыруды үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз өсіп келе жатырмыз» Мақсаты: Тепе- теңдікті сақтау қабілетін дамыту және қимыл- қозғалыстардың үйлесімділігін қабыптастыру. Арқан бойымен басына қапшық қойып, бір жақ жанымен қырындап, адымдап жүруді және арқан баспалдақпен түрлі тәсілдермен өрмелеуді үйрету. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: Қызықты балалар Мақсаты: Балалардың денсаулықтарын сақтай отырып, негізгі қасиеттерді- шапшаңдық, ептілікті дамыту. Жатып орындайтын жаттығулармен таныстырып, негізгі қасиеттерді шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3 м –ден 10 м- ге дейін қайталамалы жүгіруге жаттықтыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Өзім туралы білгім келеді» Мақсаты: Өзі және өзінің жағдайы, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Өзінің дене мүшелерінің кейбір қызметтерін (бас, құлақ, ауыз, тіл, тіс, қол, аяқ) түсінуге дене мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Өзін- өзі тани білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Сауат ашу негіздері Тақ: «Дыбыстардың түрлерімен таныса йық» Мақсаты: Дыбыстардың түрлерімен таныстыру. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың айырмашылығын ажыратып айтуға үйрету. Сауат ашу негіздері. Тақ: «Дауысты дыбыс» Мақсаты: Дауысты дыбыспен таныстыру. Дауысты дыбыстың айтылу мағынасын, ерекшелігін түсіндіру. Жаттығулар орындату арқылы дауысты дыбыстың ережесін жаттату. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, байыту. Дауысты дыбыстарды таныстыру. Орыс тілі. Тема: «Части тела» Цель: Развивать у ребенка уверенность в себе, внимание к самому себе, учить детей рассказывать о себе, своих увлечениях. Научить рассказывать о себе, о родителях, называть домашний адрес. Көркем әдебиет Тақ: «Менің ойыншықтарым» (жаттау) Авторы: Мұзафар Әлімбаев Мақсаты: Өлеңді оқи отырып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең мазмұнын айтқызу арқылы ойыншыққа деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Күтіп ұстауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Мен және менің достарым» Мақсаты: а) азайту амалының мәнін ашу; «азайту» таңбасын қолданысқа енгізу; азайту амалдарын құрастырып, жазуды үйрету; алғашқы бестіктегі сандардың нумерациясын пысықтау; ә) балалардың зейінін, кеңістікте ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілетін дамыту; б) тәртіпке, реттілікке үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің күн тәртібім» Мақсаты: Балалардың өздерінің күн тәртібінің реттілігін ұғындыру. Тәулік бөліктері туралы түсінік беру. Мезгілді дұрыс атап, ажырата білуге дағдыландыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Менің сүйікті кейіпкерім» Мақсаты: Балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу. Түрлі тәсілдермен бейнелеу дағдыларын нығайту, бейнелік елес, қиялын дамыту. Бір-біріне қамқорлыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Балаларды өздерінің сүйікті ойыншықтарын аттарын атай отырып, әртүрлі пішіндерді қия отырып, өздерінің сүйікті ойыншықтарын қиып жапсыру және оны сипаттауға және оларға қамқорлықпен қарай білуге баулу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Балаларды сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелей білуге, қиялдай арқылы түрлі ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу арқылы қиялын, ұсақ қол қимылын, ойлау қабілетін дамыту. 1.Музыка Тақырыбы: «Балдырғандар әні» (Қ. Жұмағалиев) Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндер туралы түсінік беріп, музыканы тыңдап, әнді айтуға үйрету. 2.Музыка Тақырыбы: «Балдырғандар әні» (Қ. Жұмағалиев) Мақсаты:Музыканы тыңдап, әнді қайталатып, балаларды елжандылыққа тұлғалық сезімділікке тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Денсаулық – зор байлық!» Мақсаты: Денсаулықтың пайдасын түсіндіру, салауатты өмір салтын сақтауды қалыптастыру. Өз денсаулықтарын күтіп, жеке бас гигиенасын сақтауға, тазалыққа үйрету Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Сәлемдесе білемін» Мақсаты: Балаларға сәлемдесу, амандасу туралы түсінік беру. Балаларды сәлемдесе білуге үйрету. Балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу.

II апта	Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жеміс – жидектер» Мақсаты: Дәрумендермен таныстыру, оларды қандай тағамдардан алуға болатындығын түсіндіру. Балаларға гимнастикалық орындық үстімен жүгіруге жаттықтыру арқылы тепе-теңдік сақтай білу дағдыларын бекіту. Құрсаудан құрсауға бір аяқтап және қос аяқтап секіруді үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дәрумендер әлемі» Мақсаты: Балалардың азық – түліктер туралы білімдерін кеңейту. Спортқа деген қызығушылығын ояту. Үйренген жаттығуларын орындай білу дағдысын дамыту. Допты бір қолымен еденнен ыршытып, қос қолымен қағып алуды және құрсау тігінен ұстап тұрып, оның ішінен сәл ғана иіліп өтуді үйрету. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Ас қорыту жүйесі» Мақсаты: Балаларды ас қорыту жүйесімен таныстыру. Ас қорыту жүйесінің негізгі шарты- уақытымен дұрыс тамақтану екендігін есте сақтауға үйрету. Дұрыс тамақтану нәтижесінде азық-түлік құрамындағы дәрумендердің адам ағзасына дұрыс сіңімді болатындағы туралы білімдерін дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Дәрумендер пайдасы» Мақсаты: Дәрумендерге бай көкөністер мен жемістердің қандай пайдасы бар екендігі жайлы әңгімелеу. Көкөніс пен жемістерді егу кезіндегі үлкендердің еңбек процесімен таныстыру. Көкөніс, жеміс деген жалпы ұғым беретін сөздерді меңгерту. Грамматикалық формада жүйелі сөйлеуге, қандай? Қайда өседі? Кім не істеді? сұрақтарына жауап беруге үйрету. Дидактикалық ойын: «Түсін таны, атын айт ». Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дауыссыз дыбыс» Мақсаты: Дауыссыз дыбыспен таныстыру. Дауыссыз дыбыстың айтылу мағынасын, ерекшелігін түсіндіру. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту. Сөйлеу тілін жетілдіру. Дауыссыз дыбыстарды таныстыру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дауысты дыбыстарға дыбыстық талдау жасап үйренейік» Мақсаты: Дауысты дыбыстардың дыбыстық талдау жасау кезінде қызыл түспен белгіленетіні туралы және дауысты дыбыстарға дыбыстық талдау жасауды үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: "Ең қымбат байлық " ертегісі. Мақсаты: Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру. Балалардың дұрыс тамақтану туралы білімдерін жүйелеу, кеңейту; Балалардың ойлау, есте сақтау, салыстыру және таным белсенділігін арттыру; Тазалық гигиенасын сақтау, тазалыққа баулу. Денесін шыңдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, әдемі болуға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Продукты и витамины» Цель: Продолжать расширять и уточнять знания детей об окружающем мире, их представления о продуктах питания на русском языке, их значения для здоровья человека. Знакомить детей с разными способами образования слов.	Математика негіздері Тақырыбы: «Түрлі түсті дәрумендер» Мақсаты:) 6 саны мен цифрын енгізу; цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; 1-ді қосу арқылы сан шығарып алу туралы түсінікті қалыптастыру; сандық және реттік санау дағдысын жетілдіру; 6 саны мен цифрын тану және жазуды үйрету; ә) балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Дәруменді қайдан аламыз?» Мақсаты: Балалардың азық-түліктер туралы білімдерін кеңейту. Үйде және балабақшада азық-түліктерді дұрыс қолдану («жуу, тазалау») және дайындауды, дұрыс тамақтану ережесін үйрету, азық-түліктің құрамындағы дәрумендердің түрлерімен таныстыру. Құрастыру Тақырыбы: «Өз ойынан құрастыру» Мақсаты: Әр түрлі материалдарды пайдалана отырып, өз ойларынан еркін тақырыпта жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды еңбекке баулы, өз отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, құрастыра білу шеберліктерін арттыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Натюрморт саламыз» (акварель) Мақсаты: Натюрморт ұғымын бекіту. «Кешпеген алаңды бояу» техникасымен салуды үйрету. Жемістер мен көкөністердің сипаттық ерекшеліктерін бере білуді дамыту. Танымдық қызығушылығын дамыту. «Сикырлы қарындаш пен қылқалам» дәптері. Жапсыру Тақырыбы: «Жемістер» Мақсаты: Балаларға дұрыс тамақтану жөнінде түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, жеміс-жидектердің бойында дәрумендер көп екендігін, ол біздің ағзамызға пайдалы екенін түсіндіру. Қайшымен жұмыс істеу дағдыларын арттыру, домалақ және домалақ пішіндерді қағаздан қиып үйрену, бөліктерді ретімен дұрыс желімдеуге дағдыландыру. Мүсіндеу Тақырыбы: «Көкөніс» (кияр, қызанақ) Мақсаты: Балаларға көкөністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Көкөністердің сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, кияр мен қызынық мүсінін жасауға үйрету. Мүсіндеу амалдарын бекіту (домалақтау, созу, ширақтау, шымшу). Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Шыдамдылықпен ықыластыққа тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Мен алманы жақсы көрем» (Д. Қиқымов) Мақсаты: Тақырып бойынша түсінік бере отырып, әнді тыңдап, дұрыс, таза айта білуге үйрету. 2. Музыка Тақырыбы: «Мен алманы жақсы көрем» (Д. Қиқымов) Мақсаты: Музыканы тыңдап, әнді қайталатып, балалардың ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Меңгерген дағдыларды бекіту.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Жақсылыққа - жақсылық» Мақсаты: «Өзара достыққа», «жақсылық» ұғымдары туралы түсінік беру. Достық қарым-қатынас туралы түсініктерін кеңейту. Үлкендермен, құрбылармен сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамыту. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.
---------	-----------------------------	--	---	---	--	---

